

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ, МАЗМҰНЫ

* Ағыбай Қ.Е.¹, Тұрғынбаева Б.А.², Таженова Г.С.³

¹докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

e-mail: agybayke@mail.ru

²п.ғ.д, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

e-mail: botagul53@mail.ru

³PhD, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

e-mail: karakulovagulsara@bk.ru

Андатпа. Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңғырту үдерістері қоғамның экономикалық өсуі мен әлеуметтік дамуының сұраныстарына сай мамандар даярлау талаптарын қояды. Еңбек нарығының өзгеруі жоғары оқу орындарының түлектерін белгілі бір кәсіби қызметке ғана емес, қажет болған жағдайда оның түрін өзгертуге, негізгі мамандығына қосымша жақын кәсіптермен айналысуға қажетті сапаларын дамыту сияқты өзекті мәселеге назар аударылуда. Бұл олардың кәсіби ұтқырлығымен қамтамасыз етіледі. Сондықтан, мақала көтеріп отырған мәселе өзінің өзектілігімен сипатталады.

Кәсіби ұтқырлық ұғымын ретроспективті талдау барысында анықтағанымыз, бұл құбылыс алғашқыда жеке адамдардың белгілі бір кәсіпті игеру мен оның жоғарғы деңгейіне жету негізінде қарастырылса, кейінірек топтар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас тұрғысынан зерттелген. Ал соңғы жылдары кәсіби ұтқырлық ұғымы жоғарғы оқу орындарында дайындалатын мамандардың кәсіби сапаларының мазмұны мен оны дамыту жолдары аясында қарастырылған.

Осыған байланысты, жоғары оқу орындарында оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңғырту арқылы болашақ мамандарды қызмет орындарындағы өзгерістерге дайындау, кәсіби білімдерді игеру мүмкіндіктерін кеңейту мақсаты қойылуда. Мақалада ұтқырлық болашақ мамандардың кәсіби сапаларының ажырамас бөлігі тұрғысынан қарастырылып, педагог - психологтарды кәсіби даярлауда дамыту қажеттілігіне назар аударылады.

Мақаланың мақсаты – «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық» «педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдарының мәнін нақтылау, құрылымы мен мазмұнын, эмпирикалық зерттеудің қорытындыларын сипаттау.

Мақалада зерттеу мәселесіне байланысты ғалымдардың еңбектері зерделеніп, авторлық түйіндер берілген. Педагог - психологтың кәсіби ұтқырлығы құрамына енетін сапалар нақтыланып олардың маңызына педагогикалық- психологиялық тұрғыдан сипаттамалар беріледі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері анықталып, талдау жасалады.

Тірек сөздер: ұтқырлық, кәсіби ұтқырлық, ұтқырлық сапалары, кәсіби ұтқырлық құрылымы, кәсіби ұтқырлық мазмұны, кәсіби ұтқыр маман, педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығы, кәсіби ұтқырлықтың негізгі аспектілері

Негізгі ережелер

Осы уақытқа дейін мамандардың жұмыс орнын ауыстыруы, басқа кәсіпке көшуі немесе жаңа мамандықтарды игеруі мамандық таңдаудағы қателіктер

көрсеткіштері ретінде қарастырылып келгені белгілі. Алайда қазіргі уақытта бұл жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруының бір жолы ретінде анықталады. Бұл саяси және әлеуметтік-экономикалық даму жағдайындағы қоғамдағы нарықтық қатынастардың қызметкерге қойған талаптарының нәтижесі деуге болады. Олай болатын себебі жұмыс беруші өз мамандарынан білім, адамгершілік, ақыл-ойы, икемділік қасиеттерімен қатар кәсіби әрекет барысында ұтқырлық таныта алатын мамандарға деген сұраныстарын танытып жатады.

Кәсіби ұтқырлық мәселесі педагогика ғылымының теориясы мен әдіснамасында ғалымдар Е.В. Бережнова, В.И. Загвязинский, В.В. Краевский, В.М.Полонский, М.Н. Скаткиннің еңбектерінде қарастырылады. Психологиядағы тұлға және іс-әрекет теориясы аясында А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, И. А. Зимняяның ғылыми еңбектерінде көрініс береді.

Жоғары білім беру жүйесінде педагогтардың кәсіби ұтқырлық құрамындағы сапаларын дамытуға Л.В. Горюнова, Б.М. Игошев, Л.А. Амирова, Ю.И.Калиновский, И.В. Никулина, С.В. Нужновалар еңбектерін арнаған.

Кіріспе

Қазіргі кезде еліміздегі мамандар даярлауға қайылатын талаптар қайта қаралып, сапаға бетбұрыс жасалуда. Жоғары білім беру жүйесі еңбек нарығындағы өзгерістерге жылдам бейімделуі қажет. Өздері дайындайтын болашақ мамандарға жұмыс мазмұнының үдемелі өзгерістеріне төтеп беретін білім мен біліктілік дағдыларын игеруге жағдай жасаулары тиіс. Бұл ретте Президент Қ.К. Тоқаевтың «Елдің тұтастығы және бірізді жоспарлар – халықтың дамуының шынайы белгілері» атты Жолдауында: бүгінгі әлеуметтік-экономикалық даму барысында маманның игерген білімі жұмыс орнына барғанға дейін өз құндылығын жоғалтып алмас үшін мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын өндіріспен бірлесе отырып дайындау қажетті міндеттердің бірі болып саналатындағы атап көрсетіледі [1]. Себебі бұл міндеттер студенттердің кәсіби білімдерді игеру мүмкіндіктерін кеңейтіп, қызмет орындарындағы өзгерістерге бейімделу, мамандықтар шеңберінде қосымша білімдер алу, оларды тәжірибеде қолдануға даярлау мәселесін шешуге бағытталады.

Замануи маманның әлеуметтік және кәсіби тұрғыда табысты болуының маңызды шарты оның кәсіби ұтқырлығында екендігі даусыз. Оның себебі болашақ маманың біліктілік көрсеткіштерінің күрделенуінен болып отыр. Сондықтан олардың өз білімдерін тұрақты жаңғыртуға дайын болу, әр түрлі шешімдерді жылдам қабылдау, кәсіби әрекетінде шығармашылығын таныту, өз мамандығына жақын туыстас жаңа мамандықтардың білімдерін меңгеру, өзгермелі жағдайларға бейімделе алу сияқты қажетті сапаларды дамытуы ұтқыр болудың негізі болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда болашақ педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығының құрылымын анықтап, оларды дамытудың жолдарын айқындау зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты – болашақ педагог психологтарда кәсіби ұтқырлықты дамыту мәселесінің теориялық астарларын зерделеп, практикалық жолдарын тәжірибеден өткізу.

Материалдар мен әдістер

Отандық психология және педагогика ғылымдарында тұлғаның ұтқырлығын дамыту мәселесіне деген тұрақты түрде қызығушылықтың болғанын байқатады. Зерттеуіміздің түйінді ұғымының мәнін анықтау және нақтылау үшін біз алдымен «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық», «педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдарының өзара қатынастары мен байланыстарына талдау жасадық. Ол үшін әртүрлі сөздік және энциклопедиялық әдебиеттерді (жалпы және арнайы: педагогикалық, психологиялық), ғылыми жұмыстарды (диссертациялар, рефераттар, мақалалар), оқу және оқу-әдістемелік құралдардағы мәліметтер талданды.

«Ұтқырлық» ұғымының әртүрлі аспектілерінің сипаттамасын қарастыратын болсақ, онда этимологиялық тұрғыдан ұтқырлық - (ағылш. *mobility*; нем. *mobilitat*) - адамның өз көзқарасын тез өзгерту мүмкіндігі; ал (лат. *mobilis* жылжымалы) - жылдам қозғалу, әрекет ету сияқты жеке тұлғаның психологиялық қасиеттері мен кәсіби сапалары деп түсіндіріледі.

Педагогика мен психология түсіндірме сөздігінде «Ұтқырлық- жеке тұлғаның сапасы ретінде – жаңа жағдайларға жылдам бағдарлану қабілеті, ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылуы, шығармашылық ізденісі, кез келген дәлелді есепке алып отыруы, эмоцияға емес, себепке негізделуі мен тапсырмаларды тез орындауға дайын болуы» - деген анықтама берілген (А.Қ.Құсайынов 2002, 127) [2]. С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде ұтқырлық - «тез әрекет етуге, шешім қабылдауға қабілетті немесе ортаға байланысты тез өзгеру мүмкіндігі...» яғни адамның іс-әрекетте жылдам қозғалуы немесе қажеттіліктерге байланысты тез өзгеру мүмкіндігі ретінде қарастырылады (С.И. Ожегов 1990, 525) [3].

«Ұтқырлық» тұлғаның қоғамның өзгермелі жағдайларына тез жауап бере алуы, өзінің психикалық құрылымын қайта құра білуі, құндылық бағдарлары, мотивтері, көзқарастары мен қабілеттері жатады деген түйін жасауға болады. Біздің ойымызша, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда болашақ мамандардың аталмыш сапалары кәсіби дайындық үдерісінде қалыптасуы керек. Демек, бұлар кез келген кәсіп иесіне қажетті сапалар деуге болады. Бұдан «кәсіби ұтқырлық» терминінің шығуы заңдылық.

Бұл ретте белгілі ғалым С.В. Нужнова кәсіби ұтқырлыққа: білім алуға деген ішкі мотивациялық ұмтылысы, кәсіби білімдері, икемділіктері мен дағдылары және оны жүзеге асыруға бағытталған рефлексиялық қызметтеріндегі маманның өзін-өзі тануы сияқты тұлғаның психологиялық сапаларын жатқызады. Автор осы аталған бөліктердің әрқайсысы кәсіби ұтқырлықтың ішкі құрылымдарын қамтитындығын атап өтіп, оларды қалыптастыру мен дамытудың маңыздылығына тоқталады. Ал

оның басты шарттары ретінде кәсіби ұтқырлыққа деген қажеттілікті қалыптастыру, өзін-өзі тәрбиелеу, жетістікке жету мотивациясын, көзқарасты дамыту, өзін-өзі тануға, шындықты оптимистік қабылдауға, кәсіптің өзгеруіне оң көзқарасты қалыптастыруды ұсынады [4].

Н.О. Вербицкаяның пікірінше, кәсіби ұтқырлық адамның өзгеретін жағдайға тез жауап беру қабілеті деп түсіндіріледі. Әрі қарай, автор кәсіби ұтқырлық жеке қасиет ретінде тұрақты түрде көптеген қиын жағдайларда маманның өмір сүруінің шарты ретінде, мүмкіндігінше өмірдің оңтайлы формасын сақтай отырып, күтпеген нәрсеге ұтқыр түрде жауап беру қажет болған кезде өз мәртебесін өзгерте алу мүмкіндігі деп те қарастырады [5].

Ғалымдар берген түсіндірмелерді тұжырымдай келе, авторлардың кәсіби ұтқырлық - болашақ маманның кәсіби ортаға тез бейімделуі мен кәсіби тұрғыдан туыстас мамандықтардың білімдерін пайдалануға қажетті кәсіби интегративті сапалардың жиынтығы деген пікірлерімен толық қосылатынымызды білдіреміз.

Алайда, ғалымдардың бұл мәселеге қатысты үнемі қызығушылығы болғанына қарамастан, оның жалпылама тұрғыда қарастырылғаны байқалады. Педагог - психологтардың кәсіби ұтқырлығын дамыту мәселесі арнайы зерттеу нысанасына алынбағандығы айқындалды. Ал осы мамандық иелерінің кәсіби ұтқырлығының құрылымы, тұлғаның ішкі психологиялық сапаларына қатысты мәселелер жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр.

Осыған орай, ғылыми және тәжірибелік еңбектерді талдау, жинақтау, т.б. зерттеу әдістерін пайдалану осы мәселені жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Болашақ педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығы туралы сөз қозғағанда, жалпы кәсіби ұтқырлықтың құрылымы мен оны зерттеген ғалымдардың еңбектері жайында тоқталу қажеттілігі бар.

Жалпы, кәсіби ұтқырлықтың мазмұны мен мәнін бағалауда ғалымдардың ойларының біркелкілігін атап өткен жөн. Алайда оның құрылымын сипаттауда әр ғалым әр түрлі сапаларды қарастырады.

Мысалы: Э.Ф. Зеер, С.А. Морозов, Э.Э Сыманюк жаңалыққа деген дайындығы, ақыл-ой деңгейі, белсенділігі, ашықтығы, рефлексивтілігін [6]; Л. В. Горюнова - құзыреттілікті, өзін-өзі жүзеге асыруды, адамның өзін және кәсіби ортаны өзгертуі [7]; И.Б. Игошов - ашықтықты, белсенділікті, креативтілікті, бейімделгіштікті, коммуникативтілікті [8] жатқызады. Жоғарғыдағы аталған ғалымдардың зерттеулерін саралай келе, болашақ маманның кәсіби ұтқырлығының мазмұндық құрылымын анықтауда айтарлықтай алшақтық жоқ екендігі байқалады.

Ғалым И. В. Никулина кәсіби ұтқырлықтың төрт құрылымдық компоненттерін ажыратады: мотивациялық-құндылық, креативтілік, белсенділік және рефлексивтілік. Бұл ретте автор кәсіби-педагогикалық қызметтің құрылымындағы


ұтқырлық - бұл сыртқы және ішкі жағдайларға ден қоюдың динамикалық тәсілі және өзгермелі өмір сүру жағдайларына бейімделуге мүмкіндік беретін интегративті қасиеттер екендігіне назар аударады [9].

Біздің зерттеуіміздің кейіпкері педагог-психологтың жұмысы көп бағытты, көпсалалы қызмет. Нақтылай кетсек, олар: білім беру ұйымдарында педагог-психолог, орта кәсіптік оқу орындарында педагогика және психология пәнінің оқытушысы, ғылыми зерттеу институттарында ғылыми қызметкер, психологиялық қолдау көрсететін, әлеуметтік бейімделу мен реабилитациялық орталықтарда педагогика-психологиялық кеңес беру сияқты кәсіби қызметтермен айналысады. Сонымен қатар, педагог-психологтар үлгермейтін, отбасында немесе денсаулығында мәселелері бар балалармен, гипербелсенді, психикалық тұрғыда қолдауды қажет ететін оқушылармен жұмыс жасап, оларды үнемі назарында ұстаулары тиіс. Бұл өте ауқымды жұмыс. Соңғы деректерге сүйенсек еліміздің мектептерінде педагог-психологтардың жеткіліксіздігі байқалады. Мысалы, 1000 оқушысы бар мектепте 2 педагог-психолог жұмыс жасайды. Осындай жағдай бұл сала мамандарының әмбебап болуын талап етеді.

Сонымен қатар қазіргі кезде педагог-психологтардың қызметін тұтынатын әртүрлі мекемелер саны да артуда. Атап айтсақ, ауруханалар, арнайы мекемелер, заңдық, экономикалық қызмет көрсететін ұйымдар, бизнес саласы т.б. Осындай нақты жағдайлар болашақ педагог - психологтарды өзгермелі уақытта, белгісіздік жағдайларында педагогика, психология, әлеуметтік педагогика сияқты ұқсас мамандықтар шегінде дұрыс шешімдер қабылдауға мақсатты даярлауды қажет етеді. Осындай көпсалалы, көпбағытты қызметті мінсіз атқару үшін болашақ педагог- психологтардың бойында *кәсіби ұтқырлық* деп аталатын арнайы тұлғалық сапаны дамыту қажеттілігі даусыз мәселе.

Жоғарғыдағы аталған ғалымдардың зерттеулерін саралай, олардағы түйінді ойларды басшылыққа ала келе, болашақ педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығының құрылымын айқындадық. Бұл сала мамандарының аталмыш сапасының құрамына: жаңа жағдайға жылдам бейімделгіштік, жеткіліксіз білімдерін толықтыруда, кәсіби әрекеттің жаңа әдіс технологияларын игеріп тиімді қолдана білудегі белсенділік, туындаған жағдайларда жылдам әрі дұрыс шешім қабылдауға ықпал ететін ашықтықты, әрекет түрлерінің бірінен екіншісіне ауысуда байқалатын креативтілікті, өз жұмысының нәтижелерін қорытындылай, сыни тұрғыда бағалап өзгерістер жасай алуда көрінетін рефлексивтілікті жатқыздық (1-сурет).

Енді осы сапаларды педагогикалық- психологиялық тұрғыдан сипаттап олардың мәніне тоқталамыз.



Сурет 1 - Кәсіби ұтқырлықтың құрылымының сапалары

1. *Белсенділік* – педагогтың қоршаған ортаға деген қатынасы, өзінің және меңгерген озық тәжірибені талдау және игеру негізінде материалдық және рухани ортаны өзгертуге деген қабілеті деп түсінген жөн. Ол қарым-қатынаста, шығармашылықта, ерік-жігерде, кәсіби қызметте көрінеді. Мұғалім үшін белсенділіктің негізгі моральдық компоненті тәрбиеленушілерге, әріптестерге, ата-аналарға және жалпы барлық адамдарға қатысты зұлымдықтың кез-келген көріністерімен келіспеушілік сияқты ерекше мәнге ие.

Педагогика және психология ғылымдарында белсенділік категориясы адамның жеке қасиетін іс-әрекет мазмұнымен байланыста түсінуге көбірек көңіл бөледі. Сондықтан да кәсіби белсенділік - бұл маманның іс-әрекетінің сипаттамасы, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігімен, тұлғалық қарым-қатынас пен объективті және әлеуметтік ұйымдар мен өзара әрекеттесудің негізі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты ғылымда белсенділік әр түрлі бағыттарда зерделенген. Мысалы: К. А. Абульханова-Славская белсенділікті тұлғаның дараланған қасиеті ретінде ашады, тұрақтылық, сенімділік, табысқа қанағаттану сияқты белгілерін бөліп көрсетеді. Жеке тұлғаның әртүрлі қасиеттеріне байланысты өзгеруі мүмкін екендігіне тоқталады және белсенділіктің психологиялық негізінде тұлғаның ішкі мүмкіндігі шешуші рөл атқаратындығын атап өтеді [10].

Болашақ педагог-психологтың кәсіби белсенділігі оның психофизиологиялық, жекелік қасиеттері, жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне, мотивтеріне, қажеттіліктеріне, құндылықтар жүйесінде көрініс береді де кәсіби іс-әрекетінде көрініс береді.

2. *Ашықтық* - жеке тұлғаның қасиеті ретінде өз ұстанымын ашық білдіру, ортақ тіл табыса алудағы ерекшеліктерін білдіреді. Педагог жаңашылдық үрдістерге, баламен, ата анамен, әріптестерімен қарым қатынасқа ашық болуы тиіс.

Өмірде байқалатын аксиома ол бүгінгі педагогтардың көпшілігі өзгерістерге ашық. Сондықтан жалпы мұғалімнің, өз зерттеуіміздің аясында қарастырсақ, педагог-психологтың маңызды қасиеті – ашықтық болып табылады деген пікір білдіреміз. Ол өз ойлары мен сезімдерін бөлісуде, тәжірибе алмасу қабілетінде, оқушылармен, олардың ата аналарымен қарым-қатынаста көрінеді. Мұндай мұғалім өз көзқарасын оңай айта алады және басқалардың пікірін тыңдай біледі, ол барлық жаңа нәрселерге ашық. Жақсы тәлімгер оқушының өзін-өзі тануына ықпал етеді, даралықты және талантты ынталандырады. Педагог – психолог өзінің сан салалы жұмысында жақсы нәтижеге тек ашықтық арқылы жете алады.

3. *Рефлексивтілігі* - болашақ маманның қызмет барысында өзін тану мен іс-әрекетіне баға берудің негізгі жолы. Маманның рефлексивтілік қызметі оның жеке дара тұлға болуына, іс-әрекетін түсінуіне, өзіндік дамуы мен басқаларды қайталамауға алып келеді. Сондай-ақ рефлексиялық қызмет маманның кәсіби өзін-өзі тану механизмінің бірі болса, екіншісі маманның қызмет мазмұнын дамытуға әсер етеді деп көрсетеді. Т.Б.Кенжебаева рефлексия – болашақ маманның ақыл-ой деңгейін арттырудың тиімді жолы екендігін атап өтіп, өзінің атқарған жұмыс нәтижелерін мұқият зерделеп, шынайы көзқарас білдіруі, өзінің іс-әрекетін жүзеге асыруға ынталану, білім деңгейіне талдау жасау, тәжірибелік күшін тани отырып игерген кәсібінің жоғары жетістіктеріне жету деген қорытынды жасайды [11].

Келтірілген пікірлерді қорытындылай келе, педагог – психологтың рефлексивті қызметі оның өз проблемаларын көру қабілетін дамытады, өзінің ішкі ресурстары есебінен, өзін өзгертуге, жақсартуға көмектеседі. Болашақ мамандардың рефлексиялық қабілетін дамыту оларға кәсіби қызметтің жеке стилін табуға көмектеседі, кәсіби және жеке өзін-өзі бағалауға қол жеткізу, болжау және талдау өз қызметінің нәтижелерін көруге тиісінше бағалауға мүмкіндік береді деген тұжырым жасауға болады.

4. *Креативтілік* – жеке тұлғаның ішкі бостандығының белгісі, қалыптасқан стереотиптерден бас тарту және өмірлік немесе кәсіби жағдайға жаңа көзқараспен қарау, стандартты емес, кейде күнделікті өмірден тыс шешімдер қабылдауда байқалады. Бұл дивергентті ойлау және шығармашылыққа негізделген адамның ішкі күші.

Бұл ретте ғалым Л. Ермолаева-Томина шет елдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, адамдағы креативтілікті шығармашылық қабілеттердің нәтижесі деп көрсетеді, ол әр адамның іс-әрекет барысында қалыптасқан білімдерді тәжірибеде жаңаша шешуге бейімділікте; талдау, жинақтау негізінде жаңаша бейнелер жасау мүмкіндігінде; дербес ойлауда, шешімдер шығару оны қабылдауда түрлі мазмұнда көрініс беретіндігіне тоқталады [12].

Олай болса, педагог – психологтың креативтілігі оның кәсіби іс-әрекет барысында кездесетін мәселелерді шешудегі тапқырлығы мен жаңашылдығы, сезімталдығы, ойлаудың нәтижесіндегі түрлі бейнелерді жасай алуы мен қиял ұтқырлығының нәтижесі болып табылады деген пікірімізді білдіреміз.

5. *Бейімделгіштік* - педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығының құрамында қарастырылатын маңызды келесі сапа - кәсіби ортаға бейімделу. Қазіргі кезеңде кәсіби ұтқырлықты анықтау дәстүрлі түрде маманның мына төмендегідей мағаналық-санаттық қабілеттерінің бейімделуін қамтиды: кәсіби өзгерістерге, қызмет орны мен түрінің өзгеруінде көрінеді. Маманның кәсіби ұтқырлығының бастапқы механизмі оның жеке басын жаңа әлеуметтік-кәсіби жағдайларға бейімдеуден басталатындығы анық. Әлеуметтік-мәдени ахуалдың ұтқырлығы болашақ мамандардың алдына сол жағдайларға тез бейімделе алу міндетін қойып отыр. Сондықтан ЖОО-да кәсіби білім алу барысында студенттерге жаңа әлеуметтік байланыстар мен қатынастар орнату, тез өзгертін жағдайларда өз орнын табу, кәсіби және жеке өзін-өзі жүзеге асыруға даярлау қажеттілігі туындайды. Оны шешудің сәттілігі көбінесе тұлғаның бейімделгіштігінің даму деңгейімен анықталады.

Ғылымда адамның немесе топтың өзгерген сыртқы жағдайларға икемделуі «бейімделу» ұғымымен белгіленеді (лат. *adaptatio*-бейімделу). Маманда жаңа топқа, ұжымға қосылған кезде, жаңа еңбек жағдайларына енген кезде, негізгі кәсіби қызметтің өзгерген жағдайында бейімдеу үдерісі жүреді. Ю. Ю. Дворецкаяның пікірінше, жеке тұлғаны бейімдеу тетігі ретінде кәсіби ұтқырлық әрқашан адамның іс-әрекет субъектісі ретінде даму үдерісімен байланысты, сонымен бірге белгілі бір дәрежеде маманның жеке белсенділігімен, жеке басын тану қабілетімен және кәсіби мінез-құлқын басқаруға мүмкіндік беретін бейімделу тетігімен байланысты екендігін көрсетеді [13].

Олай болса педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығы құрамына енгізіліп отырған бұл сапаны дамытудың маңызы зор. Т. И. Мясникова кәсіби қызметтің ұқсас түрлерін тез және сапалы игеру қабілеті және қазіргі заманғы нарыққа тиімді бейімделуге дайындығы, болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі мен жаңа жағдайларда өз іс-әрекетін оңтайлы қайта құру мүмкіндігін қамтамасыз ететін еңбек түрі деп көрсетуі біздің ойымызды нақтылай түседі [14].

Зерттеу барысында шет елдік ғалымдар еңбектері зерделенді. АҚШ, Италия, Швейцария, Португалия, Франция, Бельгия және Нидерланды ғалымдарының бірлескен мақаласында кәсіби ұтқырлықтың өзектілігін төмендегіше анықтайды: қазіргі уақытта кәсіби жұмыс контексінде өзгерістер мен қозғалыстар жиі орын алып, күрделене түсуде, бұл жағдай қызметкерлерден жұмыспен қамту саласына қатысты білім мен қабілеттерден айтарлықтай ерекшеленетін дағдылар мен құзыреттерді дамытуды талап етеді. Сондықтан ақпараттық қоғамда тұрақтылығын жоғалтқан қызметкер үнемі үйреніп, жаңа техникамен жұмыста икемділік танытып, өзінің жұмыспен қамтылуын сақтап қалуға және болашаққа өз бетінше перспективалар жасауға ұмтылуы тиіс деген тұжырым жасалады [15].

Осылайша әдеби дереккөздерге жүргізілген талдау: педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығы жоғарғыда сипатталған сапаларды кешенді түрде дамытқан жағдайда ғана толыққанды кәсіби маман болып қалыптасады деген қорытынды жасауға негіз болады.

Талқылау

Зерттеу қарастырып отырған мәселе бойынша студенттердің таным, дағды деңгейлерін анықтау мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика-психология» мамандығының 3,4 курс студенттеріне үш сұраққа жауап беруге ұсынылды. Алдын ала тексеріліп, апробациядан өткеннен сауалнамаға 131 студент қатысты. Әрі қарай осы эксперименттің нәтижесін ұсынамыз (кестелер 1-3).

Кесте 1 - 1-сұрақ бойынша: «Кәсіби ұтқырлық ұғымының мағынасын қысқаша тұжырымдаңыз»

Жауаптары	Жауаптары Студенттер саны (131)
Әр түрлі ғылым саласындағы білімдерді жұмысы мазмұнына тиімді қолдана алу	14(10,7%)
Кәсіби сұраныстағы маман болу	65(49,6%)
Қызмет мазмұнындағы өзгерістерге тез бейімделу	12 (9,1%)
Мансаптық өсу мен әлеуметтік жағдайын көтеру	27 (20,6%)
Қызмет барысында туындаған мәселелерді шешуде стандартты емес шешімдер қабылдай алуы	13 (10%)

Кесте 2 - 2-сұрақ бойынша: «Кәсіби ұтқыр маман болудың маңызы не деп білесіз?»

Жауаптары	Жауаптары Студенттер саны (131)
Кез-келген кәсіби өзгерістерге тез бейімделе алу	19 (14,5%)
Әр түрлі ғылым салаларынан хабардар болу оны жұмыс мазмұнына тиімді қолдану	23 (17,5%)
Кәсіби бәсекелестік ортада өзін көрсете білуі	49(37,4%)
Кәсіби беделге ие болу	25 (19,1%)
Мансаптық өсу мен әлеуметтік жағдайын көтеру	15 (11,5%)

Кесте 3 - 3-сұрақ бойынша: «Қазіргі жас маманның кәсіби ұтқыр болуы оның қандай қасиеттерімен байланысты (дұрысын белгілеңіз)?»

Жауаптары	Жауаптары Студенттер саны (131)
Белсенділігі	37 (28,2%)
Ашықтығы	16 (12,2%)
Рефлексивтілігі	11 (8,3%)
Кретивтілігі	45 (34,3%)
Бейімделгіштілік	22 (17%)

Алынған жұмыс барысына талдау жасап қарағанымызда «Кәсіби ұтқырлық ұғымының мағынасын қысқаша тұжырымдаңыз» деген сұраққа 65 студент кәсіби ұтқырлықты қазіргі кәсіби сұраныстағы маман болуы десе, 27 студент кәсіби ұтқырлықты мансаптық өсу мен әлеуметтік жағдайын көтерумен байланыстыратынын байқауға болады, ал студенттердің көпшілігінің кәсіби ұтқырлық туралы хабарларының жоқтығын көруге болады.

Сауалнамадағы «Кәсіби ұтқыр маман болудың маңызы не деп білесіз?» деген сұраққа 49 студент кәсіби ұтқыр маман болудың маңызын кәсіби бәсекелестік ортада өзін көрсете білуі деген көрсеткіш бойынша түсінетінін байқадық. Ал «Қазіргі жас маманның кәсіби ұтқыр болуы оның қандай қасиеттерімен байланысты (дұрысын белгілеңіз)?» сұрақ бойынша студенттер үш сапалық қасиеттерді негізгі деп алды, оларға кретивтілік сапаны 45 студент таңдады, белсенділік сапасын 37 студент, бейімделгіштілік сапаны 22 студент негізгі деп көрсетті. Бұдан шығатын қорытынды, кәсіби ұтқырлық пен оның сапалары туралы студенттердің білімдерінің аз екендігі және оны дамыту қажеттігін сезінеді деген тұжырым жасауға болады.

Алынған нәтижелерді басшылыққа ала отырып болашақ педагог-психологтардың кәсіби ұтқырлыққа енетін сапаларын дамыту мақсатында «*Кәсіби ұтқырлық негіздері*» деп аталатын элективті курс бағдарламасы әзірленді. Оқу бағдарламасында студенттердің кәсіби ұтқырлық туралы білімдерін кеңейту, оның құрамына енетін сапаларды жеке талдап, жетілдіру мақсатында дәрістер оқылып, тәжірибелік сабақтар және студенттердің өзіндік жұмыстары жүргізілді.


Курс соңында студенттердің кәсіби ұтқырлықтың құрамалары туралы білімдерін тексеруге бағытталған тізім ұсынылды (кесте 4). Олардан әрбір сапаның мәнін түсініп, оның маңыздылық деңгейіне қарай бағалау ұсынылды.

Кесте 4 - Болашақ педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығы құрамындағы сапалардың маңыздылық деңгейі

№	Педагог-психологтың кәсіби-ұтқырлық сапалары	Өте маңызды	Маңызды	Маңызды емес
1	Интеллектуалдылық деңгейі	24%	40%	36%
2	Бейімделгіштігі	59%	24%	17%
3	Ашықтығы	28%	47%	25%
4	Жауапкершілігі	30%	38%	32%
5	Коммуникативтілігі	31%	40%	29%
6	Креативтілігі	59%	19%	22%
7	Белсенділігі	65%	19%	16%
8	Қызығушылығы	29%	40%	32%
9	Рефлексивтілігі	13%	68%	19%
10	Ұйымдастырушылығы	31,7%	28,3%	40%

Алынған нәтижелердің графикалық бейнесі төменде келтіріледі (сурет 2).

Студенттердің жұмыс нәтижелерін талдау барысында олардың кәсіби ұтқырлықтағы бейімделгіштікті (59%), белсенділікті (65%), креативтілікті (59%) «өте маңызды» семантикалық кәсіби сапаларына жатқызды. Ал күнделікті кәсіби іс-әрекетті жүргізу үшін ашықтық (47%), рефлексивтілік (68%), интеллектуалдық деңгейі (40%), коммуникативтілік деңгейі (40%) сияқты кәсіби сапаларды «маңызды» деген көзқарастарын білдірген. Ұйымдастырушылықты (40%) «маңызды емес» себебі бұл сапа кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында қалыптасады деген тұжырым жасаған. Бұл нәтиже студенттердің «кәсіби ұтқырлық» туралы білік, дағдыларының қалыптасқандығын көрсетеді.



Сурет 2 - Болашақ педагог-психологтың «кәсіби ұтқырлық» сапаларының маңыздылық деңгейінің көрсеткіштерінің диаграммасы

Қорытынды

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесіндегі жүргізіліп жатқан жаңғырту үдерісін болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасамай жүзеге асыру мүмкін емес екендігі белгілі. Болашақ педагог-психологтың кәсіби ұтқырлығын дамыту қоғамдық қажеттіліктен туындаған үдеріс. Жоғарыда талданған зерттеулер жоғарғы білім беру жүйесіндегі маман дайындауда кәсіби ұтқырлық сияқты құбылысты көптеген ғылым салаларының нәтижелеріне сүйене отырып түрлі аспектіде қарастырып сипаттауға негіз болды. Білім беру

бағдарламаларын жүзеге асыру барысында кәсіби ұтқырлықты - маманның табысты қызмет етуінің негізгі шарттарының бірі екендігіне және қоғамдағы еңбек сұранысының кәсіби көрсеткіштері болып табылатындығы анықталды. Зерттеу мәселесі бойынша жасалған талдаулар негізінде кәсіби ұтқырлықтың құрамы анықталып, оларды студенттердің түсінуі мен меңгеруіне жағдай жасалды. Жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижесінде зерттеу бағытымыздың дұрыстығына көз жеткіздік.

Педагог - психологтың кәсіби ұтқырлық мәселесінің әдіснамалық тұғырларын айқындау, дамытудың тиімді технологияларын қарастыру мәселені әрі қарай қарастырудың перспективасы болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» - 2021, 1 қыркүйек. - Кіру режимі: <https://primeminister.kz/kz/addresses/01092021>. [Қаралған күні 13.01.2024]

[2] Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы редакциясын басқарған А. Құсайынов. – Алматы, 2002. – 252 б.

[3] Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка /под ред. чл.-корр. АН СССР Н.Ю. Шведовой. – М.: НИИВШ, 1990. – 923 с. - Режим доступа: <http://project.phil.spbu.ru/lib/data/slovari/ozhegov/ozhegov.html> [Дата обращения: 27.12.2023]

[4] Нужнова С. В. Обоснование необходимости подготовки специалиста к профессиональной мобильности для сохранения его психического здоровья //Вестник ЮУрГУ. 2011. – №13. – С. 41-45.

[5] Вербицкая Н.О. Образование взрослых на основе их жизненного (витагенного) опыта //Педагогика. 2002. – №6. – С. 14-19.

[6] Зеер Э. Ф. Профессиональная мобильность – интегральное качество субъекта инновационной деятельности /Э. Ф. Зеер, С. А. Морозова, Э. Э. Сыманюк //Педагогическое образование в России. 2011. – №5. – С. 90-97.

[7] Горюнова Л.В. Профессиональная мобильность специалиста как проблема развивающегося образования России: автореф. ... док. пед. наук. - Ростов-на Дону. 2006. – 39 с.

[8] Игошев Б.М. Системно-интегративная организация подготовки профессионально мобильных педагогов: дис... док. пед. наук. – М. 2008. – 240 с.

[9] Никулина И. В. Профессионально-педагогическая мобильность преподавателей высшей школы: монография /Федеральное агентство по образованию. – Самара: Издательство «Самарский университет», 2007. – 145 с.

[10] Абульханова-Славская К. А. Деятельность и психология личности. М., 1980. – 335 с.

[11] Кенжебаева Т.Б. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру: оқу құралы. – Астана, 2005. – 190 б.

[12] Ермолаева-Томина Л. Психология художественного творчества. - М., 2003. -304 с. Режим доступа: https://bdshi.uln.muzkult.ru/media/2018/09/17/1217314077/Ermolaeva-Tomina_PsiKhologiya_Khudozhestvennogo_tvorchestva_2003.pdf [Қаралған күні: 21.12.2023]

[13] Дворецкая Ю.Ю. Психология профессиональной мобильности личности: Автореф. Дис. ... канд. псих. наук. - Краснодар, 2007. – 28 с.

[14] Мясникова Т.И. Развитие профессиональной мобильности в процессе профилизации подготовки будущих специалистов в вузе: автореф. дис. ... канд. пед. наук. Омск, 2010. – 24 с. -

Режим доступа: <https://www.dissercat.com/content/razvitie-professionalnoi-mobilnosti-v-protse-profileizatsii-podgotovki-budushchikh-spetsia/read> [Дата обращения: 23.12.2023]

[15] Savickas M. L., Nota L., Rossier J., Dauwalder J., Duarte M. E., Guichard J., Soresi S., Esbroeck R., Vianen A. Life designing: A paradigm for career construction in the 21st century // Journal of Vocational Behavior, 2009. - Volume 75. - Issue 3. - P. 239-250.

REFERENCES

[1] Qazaqstan Respublikası Prezidenti Qasım-Jomart Toqaevtiñ Qazaqstan xalqına Joldawı «Xalıq birligi jáne jüyeli reformalar – el örkendewiniñ berik negizi» (Address of the president of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan "unity of the people and systemic reforms – a solid foundation for the country's prosperity") - 2021, 1 qırküyek. - Kirw rejimi: <https://primeminister.kz/kz/addresses/01092021>. [Qaralğan küni:13.01.2024]. [in Kaz.]

[2] Qazaq tili terminderiniñ salalıq ğılımı tüsindirme sözdigi: Pedagogika jáne psixologiya /Jalpi redaksiyasın basqarğan A. Qusaynov.(Branch scientific Explanatory Dictionary of terms of the Kazakh language: pedagogy and psychology) – Almatı, 2002. – 252 b. [in Kaz.]

[3] Ozhegov S.I. Tolkovyy slovar' russkogo yazyka (Explanatory dictionary of the Russian language) /pod red. chl.-korr. AN SSSR N.YU. Shvedovoy. – M.: NII VSH, 1990. – 923 c. Rezhim dostupa: <http://project.phil.spbu.ru/lib/data/slovari/ozhegov/ozhegov.html> [Data obrashcheniya: 27.12.2023] [in Rus.]

[4] Nuzhnova S. V. Obosnovaniye neobkhozhdimosti podgotovki spetsialista k professional'noy mobil'nosti dlya sokhraneniya yego psikhicheskogo zdorov'ya (Substantiation of the need to prepare a specialist for professional mobility in order to preserve his mental health) //Vestnik YUUrGU. - 2011. – №13. – S. 41-45. [in Rus.]

[5] Verbitskaya N.O. Obrazovaniye vzroslykh na osnove ikh zhiznennogo (vitagennogo) opyta (Adult education based on their life (vital) experience) //Pedagogika. 2002. – №6. – S. 14-19. [in Rus.]

[6] Zeyer E. F. Professional'naya mobil'nost' – integral'noye kachestvo sub'yekta innovatsionnoy deyatel'nosti (Professional mobility is an integral quality of the subject of innovation activity) /E. F. Zeyer, S. A. Morozova, E. E. Symanyuk //Pedagogicheskoye obrazovaniye v Rossii. 2011. – №5. – S. 90-97. [in Rus.]

[7] Goryunova L.V. Professional'naya mobil'nost' spetsialista kak problema razvivayushchegosya obrazovaniya Rossii avtoref. ... dok. ped. nauk.: (Professional mobility of a specialist as a problem of developing education in Russia) - Rostov-na Donu. 2006. – 39 s. [in Rus.]

[8] Igoshev B.M. Sistemno-integrativnaya organizatsiya podgotovki professional'no mobil'nykh pedagogov (System-integrative organization of training of professionally mobile teachers) dis.... dok. ped. nauk. – M. 2008. – 240 s. [in Rus.]

[9] Nikulina I. V. Professional'no-pedagogicheskaya mobil'nost' prepodavateley vysshey shkoly (Professional and pedagogical mobility of higher school teachers): Federal'noye agentstvo po obrazovaniyu. – Samara: Izdatel'stvo «Samarskiy universitet», 2007. – 145 s. [in Rus.]

[10] Abulkhanova-Slavskaya K.A. Deyatel'nost' i psikhologiya lichnosti (Activity and personality psychology.) M., 1980. – 335 s. [in Rus.]

[11] Kenjebaeva T.B. Bolaşaq mamandardıñ käsibi küzettiliktiñ öneri: oqw quralı. (Improving the professional competencies of future specialists)– Astana, 2005. – 190 b. [in Kaz.]

[12] Yermolayeva-Tomina L. Psikhologiya khudozhestvennogo tvorchestva. (The psychology of artistic creation.)-M., 2003.-304s. Rezhim dostupa: https://bdshi.uln.muzkult.ru/media/2018/09/17/1217314077/Ermolaeva-Tomina_PsiKhologiya_Khudozhestvennogo_tvorchestva_2003.pdf [Data obrashcheniya: 21.12.2023] [in Rus.]

[13] Dvoretzkaya YU.YU. Psikhologiya professional'noy mobil'nosti lichnosti: Avtoref. Dis. ... kand. psikh. nauk. (Psychology of professional mobility of the individual) - Krasnodar, 2007. – 28 s. [in Rus.]

[14] Myasnikova T.I. Razvitiye professional'noy mobil'nosti v protsesse profilizatsii podgotovki budushchikh spetsialistov v vuze: avtoref. dis. ... kand. ped. nauk. (Development of professional mobility in the process of profiling the training of future specialists at the university) - Omsk, 2010. – 24 c. Rezhim dostupa: <https://www.dissercat.com/content/razvitiye-professionalnoi-mobilnosti-v-protsesse-profilizatsii-podgotovki-budushchikh-spetsia/read> [Date of the application: 23.12.2023] [in Rus.]

[15] Savickas M. L., Nota L., Rossier J., Dauwalder J., Duarte M. E., Guichard J., Soresi S., Esbroeck R., Vianen A. Life designing: A paradigm for career construction in the 21st century //Journal of Vocational - Behavior, 2009. - Volume 75. Issue 3. - P. 239-250.

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ МОБИЛЬНОСТЬ ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА: СТРУКТУРА, СОДЕРЖАНИЕ

* Агыбай К.Е.¹, Тургунбаева Б.А.², Таженова Г.С.³

^{*1}докторант, КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

e-mail:agybayke@mail.ru

²д.п.н., профессор, КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

e-mail:botagul53@mail.ru

³PhD, ст. преподаватель, КазНПУ имени Абая, Алматы,
Казахстан

e-mail: karakulovagulsara@bk.ru

Аннотация. Проводимые в современной системе высшего образования процессы модернизации предъявляют требования к подготовке специалистов, отвечающих запросам экономического роста и социального развития общества. А изменение рынка труда требует подготовки выпускников вузов не только к определенной профессиональной деятельности, но и, при необходимости, к изменению ее вида, занятию профессиями, близкими к основной специальности. Это обеспечивается их профессиональной мобильностью. В связи с этим данная проблема характеризуется своей актуальностью.

В ходе ретроспективного анализа понятия профессиональной мобильности мы выяснили, что данное явление первоначально рассматривалось с точки зрения освоения индивидуальными лицами определенной профессии и достижения высокого уровня в ней. Однако в дальнейшем оно стало изучаться с точки зрения социальных взаимоотношений между группами. В настоящее время понятие профессиональной мобильности рассматривается в контексте содержания профессиональных качеств специалистов, обучающихся в высших учебных заведениях, и путей их развития.

В связи с этим в высших учебных заведениях ставится цель модернизации содержания образовательных программ подготовки будущих специалистов, уделить в них особое внимание к расширению возможностей освоения профессиональных знаний, направленных к формированию их готовности к изменениям.

В статье мобильность рассматривается как неотъемлемая часть профессиональных качеств будущих педагогов-психологов, подчеркивается необходимость развития в условиях профессиональной подготовки.

Цель статьи заключается в уточнении сущности понятий «мобильность», «профессиональная мобильность», «профессиональная мобильность педагога-психолога», описании структуры, содержания и выводов эмпирического исследования.

В статье анализируются труды ученых, связанные с проблемой исследования, приводятся авторские выводы. Уточняются качества, входящие в структуру профессиональной мобильности педагога - психолога, описывается их сущностная характеристика. Приводятся результаты эмпирического исследования, проведенного в Казахском национальном педагогическом университете имени Абая.

Ключевые слова: мобильность, профессиональная мобильность, качества мобильности, структура профессиональной мобильности, содержание профессиональной мобильности, профессиональный мобильный специалист, профессиональная мобильность педагога-психолога, основные аспекты профессиональной мобильности

PROFESSIONAL MOBILITY OF A TEACHER-PSYCHOLOGIST: STRUCTURE, CONTENT

*Agybay K.¹, Turgunbayeva B.², Tazhenova G.³

¹doctoral student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, specialty "Pedagogy and Psychology", Almaty, Kazakhstan
e-mail: agybayke@mail.ru

²doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
e-mail: botagul53@mail.ru

³PhD, Senior Lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
e-mail: karakulovagulsara@bk.ru

Abstract. The modernization processes carried out in the modern higher education system place demands on the training of specialists who meet the demands of economic growth and social development of society. And the change in the labor market requires the preparation of university graduates not only for a certain professional activity, but also, if necessary, to change its type, to engage in professions close to the main specialty. This is ensured by their professional mobility. In this regard, this problem is characterized by its relevance.

In the course of a retrospective analysis of the concept of professional mobility, we found out that this phenomenon was studied from the point of view of owning a certain profession by groups and individuals in society, achieving its highest level and social interaction between them, and then the content of professional qualities of specialists studying in higher educational institutions and ways of its implementation were considered.

In this regard, higher educational institutions aim to modernize the content of educational programs for the training of future specialists, to pay special attention to expanding the possibilities of mastering professional knowledge aimed at forming their readiness for change.

In the article, mobility is considered as an integral part of the professional qualities of future teachers-psychologists, the need for development in the conditions of professional training is emphasized.

The purpose of the article is to clarify the essence of the concepts of "mobility", "professional mobility", "professional mobility of a teacher-psychologist", to characterize the structure and content and conclusions of an empirical study.

The article analyzes the works of scientists related to the problem of research, provides the author's conclusions. The qualities included in the structure of professional mobility of a teacher - psychologist are specified, their essential characteristics are described. The results of an empirical study conducted at the Kazakh National Pedagogical University named after Abai are presented.

Key words: mobility, professional mobility, mobility qualities, structure of professional mobility, content of professional mobility, professional mobile specialist, professional mobility of a teacher-psychologist, the main aspects of professional mobility

Статья поступила 30.01.2024